JOURNAL OF THE NATIONAL CONGRESS OF HISTORIANS
ISSN: 3105-0042. eISSN: 3105-0050

NATIONAL HISTORY – ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ

Ғылыми мақала / Research Article
МРНТИ / IRSTI 03.20.00

https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.4.36.61

Religious Influences Reflected in Turkic Culture and Manuscript Sources: The Cases of Buddhism and Christianity

A. Zhumabayeva✉
Research Institute for Jochi Ulus Studies, Astana, Kazakhstan
✉*zhaygerm@gmail.com*

Abstract. The article examines how Buddhism, Christianity, Zoroastrianism and Manichaeism were manifested in the culture and manuscript tradition of the Turkic peoples in Central Asia and Eastern Turkestan. The relevance of the study lies in the need to reconsider the religious history of the Turks, which has long been viewed mainly through the prism of traditional steppe beliefs or later Islamisation. Drawing on written, epigraphic and archaeological sources, as well as multilingual manuscript materials in Sogdian, Syriac, Middle Persian, Uyghur and Turkic, the study reconstructs the main channels through which new religious doctrines penetrated the Turkic milieu via Sogdian colonies, the Turfan oasis and Nestorian missions. It also traces the changing attitude of the Turkic elite towards Buddhism, from the patronage of Muqan and Taspar qaghans to Bilge qaghan's refusal to build temples on the advice of Tonyukuk, and considers the adoption of Manichaeism by the Uyghur Qaghanate in 762. The analysis shows that Buddhism and Christianity never became fully dominant religions among the Turks; instead, they coexisted with archaic steppe beliefs and contributed to the formation of a multi-layered spiritual space. In nomadic regions these teachings did not take deep root, but they left a significant imprint on cultural practices, written tradition and symbolic representations. Attention is also paid to the linguistic and cultural codes preserved in manuscript texts, which reflect not only dogmatic ideas, but also social relations, political ideology and mechanisms of cultural communication in the early medieval Turkic world. The article argues that Buddhist and Christian texts functioned as important instruments of multilingualism and cultural mediation, while the nomadic way of life itself acted as a "conservator" of archaic beliefs. Overall, the findings demonstrate that the Turkic cultural space was religiously open, flexible and internally diverse, and that Buddhism and Christianity became an integral component of the spiritual and cultural development of Turkic civilisation without destroying its traditional foundations.

Keywords: Turkic peoples; Buddhism; Christianity; Zoroastrianism; Manichaeism; Eastern Turkestan; Turfan oasis; manuscript tradition

For citation: Zhumabayeva A. Religious Influences Reflected in Turkic Culture and Manuscript Sources: The Cases of Buddhism and Christianity. *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.8, no.4, pp.36-61. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.4.36.61

© A. Zhumabayeva, 2026

Буддизм мен христиандық мысалында түркі мәдениеті мен қолжазба дереккөздеріндегі діни ықпалдың көрінісі

А. Жумабаева
Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада буддизм мен христиандықтың (несториандықтың) Орталық Азия мен Шығыс Түркістандағы түркі ортасына ену жолдары және олардың түркі халықтарының рухани-мәдени кеңістігіндегі орны зороастризм және манихейлікпен салыстырыла отырып қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі түркілердің діни тарихын қайта пайымдау қажеттілігімен айқындалады, өйткені бұл тарих ұзақ уақыт бойы негізінен дәстүрлі дала наным-сенімдері немесе кейінгі исламдану үдерісі тұрғысынан ғана зерделеніп келді. Зерттеудің деректік негізін Турфан, Кочо және Дуньхуаньнан табылған көне түркі, ұйғыр, соғды, сирия және орта парсы тілдеріндегі қолжазбалар, эпиграфикалық ескерткіштер (Бугут жазуы, Хуюс Толгой еске алу кешені, Чанъань несториандық стеласы, Жетісудағы сириялық жазбалар), сондай-ақ қытай жылнамаларының, буддист қажылардың (Сюаньцзан, Хуэйчао, Укун), ислам авторлары мен еуропалық саяхатшылардың мәліметтері құрайды. Әдіснамалық тұрғыдан жұмыс тарихи-салыстырмалы, деректанулық және мәтінтанулық әдістерге, сондай-ақ археологиялық және өнертанулық материалдарды пәнаралық талдау тәсілдеріне сүйенеді.

Жаңа діни ілімдердің ең алдымен Ұлы Жібек жолы бойындағы соғдылық сауда колониялары, Турфан оазисінің буддистік орталықтары және Парсы шіркеуімен байланысты несториандық миссиялар арқылы таралғаны көрсетіледі. Түркі элитасының буддизмге деген көзқарасының өзгеру барысы да қадағаланады: Мұқан қаған мен Таспар қағанның қамқорлығынан бастап (соңғысының өтінішімен "Нирвана-сутра" түркі тіліне аударылған), отырықшы дінді мемлекеттің әскери қуатына қауіп деп санаған Тонықөктің кеңесімен Білге қағанның ғибадатхана салудан бас тартуына дейінгі кезең қамтылады. 762 жылы Ұйғыр қағанатының манихейлікті мемлекеттік дін ретінде қабылдауы, кейіннен турфандық ұйғырлар арасында буддизмнің қайта жандануы және ауқымды аударма әдебиеттің ("Алтун ярук", "Майтрисимит" және т.б.) қалыптасуы қарастырылады. Сонымен қатар несториандықтың догматикалық бастаулары, оның Сасанилік Ирандағы қуғын-сүргінге байланысты Шығысқа жылжу себептері, сириялық және ирандық саудагерлердің рөлі жеке талданады. Талдау нәтижесінде буддизм мен христиандықтың түркілер арасында үстем дінге айналмағаны анықталды: олар негізінен қалалық ортада, билеуші элита мен білімді топтар арасында орнығып, архаикалық дала наным-сенімдерімен қатар өмір сүрді және көпқабатты рухани кеңістіктің қалыптасуына ықпал етті. Дегенмен бұл діндер жазба дәстүрдің дамуына, аудармашылық мектептердің қалыптасуына, діни терминология мен символикалық тілдің байытылуына елеулі үлес қосты. Қолжазбалардағы тілдік және мәдени кодтар тек догматикалық түсініктерді ғана емес, сонымен бірге ерте ортағасырлық түркі әлеміндегі әлеуметтік қатынастарды, саяси идеологияны және мәдени коммуникация тетіктерін де бейнелейді. Буддистік және христиандық мәтіндер көптілділік пен мәдени делдалдықтың маңызды құралы қызметін атқарса, көшпелі өмір салты архаикалық наным-сенімдердің өзіндік "консерваторы" рөлін атқарды, олардың көптеген элементтері халықтың тұрмысы мен салт-дәстүрінде бүгінгі күнге дейін сақталып отыр. Қорытындылай келе, түркі мәдени кеңістігі діни тұрғыдан ашық, икемді және іштей сан алуан болғаны, ал буддизм мен христиандық оның дәстүрлі негіздерін бұзбай, түркі өркениетінің рухани-мәдени дамуының ажырамас құрамдас бөлігіне айналғаны

туралы тұжырым жасалады. Зерттеу нәтижелерін түркі халықтарының діни және мәдени тарихы бойынша әрі қарайғы ғылыми ізденістерде, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы оқу курстарында пайдалануға болады.

Түйін сөздер: түркілер; буддизм; христиандық; несториандық; манихейлік; Турфан; Шығыс Түркістан; Ұйғыр қағанаты

Сілтеме жасау үшін: Ақанов Қ.Ә.Х. Марғұлан архиві материалдарындағы Қазақстанның ортағасырлық тарихы мәселелері. *Journal of the National Congress of Historians*. 2026. Vol.8, no.4, pp.36-61. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.4.36.61

Отражение религиозных влияний в тюркской культуре и рукописных источниках: примеры буддизма и христианства

А. Жумабаева

Научный институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются пути проникновения буддизма и христианства (несторианства) в тюркскую среду Центральной Азии и Восточного Туркестана, а также их место в духовно-культурном пространстве тюркских народов в сопоставлении с зороастризмом и манихейством. Актуальность исследования определяется необходимостью переосмыслить религиозную историю тюрков, которую долгое время рассматривали преимущественно через призму традиционных степных верований или последующей исламизации. Источниковую базу составляют древнетюркские, уйгурские, согдийские, сирийские и среднеперсидские рукописи из Турфана, Кочо и Дуньхуана, эпиграфические памятники (Бугутская надпись, мемориальный комплекс Хуис Толгой, Чанъаньская несторианская стела, сирийские надписи Семиречья), а также сведения китайских хроник, буддийских паломников (Сюаньцзан, Хуэйчао, Укун), исламских авторов и европейских путешественников. Методологически работа опирается на сравнительно-исторический, источниковедческий и текстологический методы, дополненные междисциплинарным анализом археологических и искусствоведческих материалов. Показано, что новые учения распространялись прежде всего через согдийские торговые колонии вдоль Великого Шёлкового пути, буддийские центры Турфанского оазиса и несторианские миссии, связанные с Персидской церковью. Прослеживается эволюция отношения тюркской элиты к буддизму: от покровительства Мукан-кагана и Таспар-кагана, по просьбе которого на тюркский язык была переведена "Нирвана-сутра", до отказа Бильге-кагана от строительства храмов по совету Тоньюкука, считавшего оседлую религию угрозой военной мощи государства. Рассматриваются принятие манихейства Уйгурским каганатом в 762 г., последующее возрождение буддизма у турфанских уйгуров и формирование обширной переводной литературы ("Алтун ярук", "Майтрисимит" и др.). Отдельно анализируются догматические истоки несторианства, причины его продвижения на Восток в связи с гонениями в Сасанидском Иране, а также роль сирийских и иранских купцов. Анализ показывает, что буддизм и христианство не стали господствующими религиями тюрков. Они укоренились главным образом в городской среде, среди правящей элиты и образованных слоёв, сосуществуя с архаическими степными верованиями и формируя многослойное духовное пространство. Вместе с тем они оказали заметное влияние на развитие письменной традиции, становление переводческих школ, обогащение религиозной

терминологии и символического языка. Языковые и культурные коды рукописей отражают не только догматические представления, но и социальные отношения, политическую идеологию и механизмы культурной коммуникации раннесредневекового тюркского мира. Буддийские и христианские тексты выступали инструментами многоязычия и культурного посредничества, тогда как кочевой образ жизни выполнял функцию своеобразного "консерватора" архаических верований, многие элементы которых сохранились в быту и обрядах до наших дней. Сделан вывод о религиозной открытости, гибкости и внутреннем многообразии тюркского культурного пространства, в котором буддизм и христианство стали неотъемлемой частью духовно-культурного развития тюркской цивилизации, не разрушив её традиционных основ. Результаты исследования могут быть использованы в дальнейших научных изысканиях по религиозной и культурной истории тюркских народов, а также в вузовских учебных курсах.
Ключевые слова: тюркские народы; буддизм; христианство; зороастризм; манихейство; Восточный Туркестан; Турфанский оазис; рукописная традиция

Кіріспе

Түркі халықтарының мәдени-рухани дамуы тарих барысында біртекті және біржақты құбылыс болған жоқ. Еуразияның алып кеңістігін мекендеген түркі тайпалары мен мемлекеттері географиялық тұрғыдан өркениеттер түйіскен аймақта орналасып, Шығыс пен Батысты, көшпелі және отырықшы дүниені байланыстырушы дәнекер рөлін атқарды. Осындай кең аумақтық және табиғи-шаруашылық жағдайлар түркі қоғамының этникалық, тілдік және мәдени құрамының көпқырлылығын айқындап, олардың рухани мәдениетінде әртүрлі дүниежүзілік діндердің қатар өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастырды.

Буддизм мен христиандықтың түркілер ортасында таралуы – осы көпэтносты және көпмәдениетті кеңістіктің айқын көріністерінің бірі. Бұл діндер түркі дүниесіне тек сырттан енген діни жүйелер ретінде ғана емес, сонымен қатар жазба мәдениеттің, көркемдік дәстүрдің, философиялық ойлаудың және әлеуметтік институттардың дамуына ықпал еткен маңызды мәдени факторлар ретінде әсер етті. Буддалық және христиандық миссиялар арқылы түркілер жаңа мәтіндік дәстүрлермен, аударма ісімен, қалалық діни орталықтармен және халықаралық рухани байланыстар желісімен танысты. Нәтижесінде түркі қоғамында көптілді, көпконфессиялық мәдени орта қалыптасып, ол қолжазба ескерткіштер мен археологиялық жәдігерлерде айқын сақталды.

Территориялық ерекшеліктер – Ұлы Жібек жолының негізгі тармақтарының түркі мемлекеттері аумағы арқылы өтуі, Турфан, Кочо, Қарашар, Жетісу сияқты аймақтардың сауда-қалалық орталықтарға айналуы – буддизм мен христиандықтың таралуында шешуші рөл атқарды. Бұл өңірлерде ірантілдес соғдылар, сириялықтар, қытайлар, тибеттіктер және түркі тайпалары ұзақ уақыт бойы қатар өмір сүріп, өзара мәдени-діни ықпалдастықта болды. Осындай көпұлтты ортада буддизм мен христиандық жергілікті дүниетаныммен астаса отырып, түркі мәдениетінің ажырамас бір қабатына айналды, ал көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара әрекеттесуі ерекше синкреттік формалардың пайда болуына жол ашты.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, деректанулық және мәтінтанулық әдістер, сондай-ақ археологиялық және өнертанулық материалдарды пәнаралық талдау тәсілдері қолданылады. Буддистік және несториандық қолжазбалардағы мәліметтерді қытай, сирия және ислам деректерімен салыстыра қарастыру арқылы түркі қоғамындағы діни синкретизм формалары, жаңа ілімдердің жергілікті мифология және дәстүрлі наным-сенімдермен тоғысу ерекшеліктері ашылады. Осы арқылы мақала түркілердің ортағасырлық рухани кеңістігін біржақты моноүндес құбылыс емес, әртүрлі діни ықпалдар өзара қабаттасқан, күрделі және динамикалық жүйе ретінде түсінуге үлес қосуды көздейді.

Әдеби шолу

Еуропалық және ресейлік шығыстану ғылымында түркілердің буддизммен байланыстары XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басынан бастап зерттеле бастады. В.В. Радлов, В. Томсен, С.Е. Малов, С.Г. Кляшторный еңбектерінде көне түркі руникалық жазбалары мен кейінгі ұйғыр жазба мұралары діни-идеологиялық тұрғыдан талданды. Аталған зерттеушілер буддистік терминологияның, ұғымдардың және мәтіндердің түркі тілдеріне аударылу ерекшеліктерін айқындап, буддизмнің түркі элитасының дүниетанымына ықпалына назар аударды (Радлов 1989; Thomsen 1912; Малов 1951; Кляшторный 1961; Кляшторный 1973).

Түркілер ортасындағы буддизм мәселесі Батыс түрік, Шығыс түрік және Ұйғыр қағанаттарының тарихымен тығыз байланысты қарастырылады. С.Е. Малов пен А. фон Габен ұйғыр буддистік әдебиетінің ауқымын, оның санскрит, тибет, қытай тілдерінен аудару дәстүрін жан-жақты сипаттады. Әсіресе "Алтун ярук", "Майтрисимит", "Суварнапрабхасасутра" секілді мәтіндер түркі мәдениетінде буддизмнің орны мен мәнін айқындайтын негізгі дереккөздер ретінде бағаланды. Сонымен қатар ғалымдар буддизмнің түркі ортасында толық үстем дінге айналмағанын, оның негізінен қала мәдениеті мен билеуші топ арасында таралғанын атап өтеді (Малов 1951; Gabain 1954; Gabain 1964).

Христиандықтың, нақтырақ айтқанда несториандықтың Орта Азия мен Түркістан аумағындағы таралуы мәселесі де кеңінен зерттелген. Аталған тақырып бойынша А. фон Лекок, О. Хансен, Э. Шаванн, И.В. Стеблева, Е.И. Кычанов және басқа зерттеушілер Турфан, Кочо, Қарашар аймақтарынан табылған сириялық, соғды және түркі тілдеріндегі христиандық қолжазбаларға талдау жүргізді. Бұл еңбектерде несториандықтың таралуына сауда жолдары, соғды диаспорасы және халықаралық мәдени байланыстар шешуші ықпал еткені көрсетіледі (Le Coq 1913; Le Coq 1926; Hansen 1966; Chavannes 1903; Chavannes 1913; Стеблева 2007; Кычанов 1978).

Отандық тарихнамада да соңғы онжылдықтарда түркілердің діни тарихын қайта пайымдауға бағытталған зерттеулер саны артып келеді. Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде Түрік қағанаты, Ұйғыр қағанаты және Жетісу өңіріндегі діни ахуал археологиялық, жазба және қолжазба деректер негізінде кешенді түрде қарастырылады. Бұл еңбектерде буддизм мен христиандықтың түркі дәстүрлі дүниетанымымен өзара ықпалдастығы, синкреттік сипаттары және олардың көшпелі мәдени ортаға бейімделу ерекшеліктері айқындалады.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде буддизм мен христиандықтың түркі қоғамында толық үстем дінге айналмағаны, керісінше, дәстүрлі дүниетаныммен қатар өмір сүріп, көпқабатты рухани кеңістік қалыптастырғаны айқындалды. Көшпелі өмір салты басым аймақтарда бұл діндер терең орныға алмады, алайда олар мәдени тәжірибе, жазба дәстүр және символика деңгейінде түркі мәдениетіне елеулі із қалдырды.

Сонымен қатар қолжазба дереккөздеріндегі тілдік және мәдени кодтарды талдау діни мәтіндердің тек сенім бірліктерін емес, сол дәуірдегі әлеуметтік қатынастарды, билік идеологиясын және мәдени коммуникация тетіктерін де бейнелейтінін көрсетті. Бұл тұрғыда буддистік және христиандық мәтіндер түркі әлемінде көптілділік пен мәдени делдалдықтың қалыптасуына ықпал еткен маңызды факторлар ретінде қарастырылады.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер түркі мәдени кеңістігінің діни тұрғыдан ашық, икемді және көпқырлы сипатта болғанын айғақтайды. Географиялық кеңістік, сауда жолдары және этникалық әркелкілік жағдайында буддизм мен христиандық түркі өркениетінің рухани-мәдени дамуының ажырамас құрамдас бөлігіне айналған.

Талқылау

Түркілердің қоныстанған аумақтары әртүрлі көне өркениеттердің тоғысқан тұсында орналасқандықтан, олар әлемдік мәдениеттерді байланыстырушы маңызды өңір қызметін атқарды. Сауда керуен жолдары арқылы тек қымбат тауарлар ғана емес, техникалық жаңалықтар, сан алуан дүниетанымдар және, әрине, діни идеялар да тарады. Мұның барлығы дала көшпелілерінің тұрмысы мен өмір салтына сөзсіз әсер етті. Мәселен, IV–V ғасырларда Турфан өңірінде өмір сүрген түркілер оазистердегі отырықшы буддалық халықпен, ең алдымен, шаруашылық өнімдерін айырбастау мақсатында тығыз байланыс орнатты. Осыған сәйкес мәдени алмасу үдерісі де қатар жүрді. Соның нәтижесінде Шығыс Түрік қағанатының алғашқы билеушісі Мұқан-қағанның (553–572) буддизмді қабылдауы заңды құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл жат діни ілімнің одан әрі таралуына оның мұрагері Татпар (Таспар) қаған (572–581) елеулі үлес қосты.

"Шығыс Түркістан көне және ерте орта ғасырларда" атты еңбекте атап өтілгендей, бұл үдеріске буддалық монах Хуэйлиньнің қызметі айтарлықтай ықпал еткен, ол қағанның сенімді серігіне айнала алған. Қытай дереккөздерінің мәліметіне қарағанда, түркілер елінде буддалық ғибадатхана салынған. Сонымен қатар осы дереккөздерде Татпар қағанның Қытай императорынан негізгі буддалық канондық шығармаларды жіберуді өтінгені хабарланады. Осы өтінішке жауап ретінде "Нирвана-сутра" түркі тіліне аударылып, қағанға жолданған (Абжанов 2020: 36; Козыбаев 2022: 35; Восточный Туркестан 1992: 166).

С.Г. Кляшторный мен В.А. Лившицтің пікірінше, соғдылық Бугут жазуында түркілер арасында буддалық сангханың (қауымның) қалыптасуы туралы мәліметтер кездеседі (Кляшторный, Лившиц 1971: 121-146). Татпар қағанның өзі буддизмді шынайы ұстанып, діни ғұрыптарға тікелей қатысқан. Алайда қағанның бұл дінге терең қызығушылығына қарамастан, түркілердің басым көпшілігі буддизмді қабылдаған жоқ.

Түркілер ортасында буддизмнің болғандығын дәлелдейтін мысалдардың бірі – 1975 жылы моңғол археологы Д. Наваан ашқан және 1984 жылы К. Сартқожа жалпы сипаттама

жасаған Хуюс Толгой еске алу кешені. Бұл ескерткіштегі брахми (ежелгі санскрит) немесе "кхароштхи" жазуына ұқсас мәтін әзірге толық оқылмаған, сондықтан ескерткіштің қай кезеңге жататыны және кімге арналғаны нақты айқындалмаған. Татпар қаған стеласындағы мәтінде: "Маға Умна қаған әкесінің құрметіне өте ірі ... жасауды бұйырды, сондай-ақ заң стеласын орнатуды әмір етті" деп көрсетіледі. Осыған байланысты бұл екі стеланың шамамен 582–590 жылдары орнатылып, Маға Умна қағанның бұйрығымен оның әкесі Татпар қағанға немесе Маға Умна қағанның өзіне арналған болуы мүмкін екені болжанады.

Көшпелі жауынгерлер ұрпағының дүниетанымын қалыптастырған көне көзқарас пен жаңа философиялық ілімнің арасындағы қайшылық Бильге қаған (716-734) тұсында айқын байқалады. Кеңесшісі Тоныкөктың ықпалымен ол буддалық ғибадатхана, сондай-ақ Лао-цзы храмы салу ниетінен бас тартты. Тоныкөк көшпелі өмір салтына тән емес отырықшы бекіністер мен қорғаныс құрылыстарын салу түркі қоғамының әскери қуатын әлсіретеді деп есептеді. Оның пікірінше, буддизмді қабылдау мемлекеттің әскери-саяси мақсаттарына сай келмеген (Hastings 1908: 23-24).

Буддизм түркілер ортасына Турфанның оңтүстік-шығысынан келген уағызшылар арқылы ғана емес, сонымен қатар Қытай аумағында Будда ілімін таратқан соғдылар арқылы батыс бағыттан да кеңінен тарады. Б.з.д. I мыңжылдықтың ортасынан бастап Орта Азия мен қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген соғдылар жоғары дамыған мәдениетімен, көне ұйғыр жазуының қалыптасуына негіз болған соғдылық жазуымен және IV–X ғасырлар аралығында қалыптасқан ауқымды әдеби мұрасымен ерекшеленді. Олар халықаралық саудада жетекші орын алып, Ұлы Жібек жолы бойында көптеген отарлық қоныстар құрды. VI-VIII ғасырлар аралығында соғдылар Қытайдан Орта Азия арқылы Шығыс Еуропаға, сондай-ақ Иранннан Қара теңіз өңірі мен Жерорта теңізіне дейінгі кең ауқымды керуен жолдарын өз сауда желілері арқылы байланыстырып отырған (Кляшторный 1961: 29-98).



1-сурет – "Хуюс Толгой" еске алу кешенінің алғашқы стеласы (Моңғолия ҒА Археология институты, Ұланбатор қ.) (Хуюс Толгой 2018)

The First Stele of the Khüis Tolgoi Memorial Complex (Institute of Archaeology, Mongolian Academy of Sciences, Ulaanbaatar) (Khüis Tolgoi 2018).

Соғдылар Турфан аумағында да, Қытайда да қоныстар құрды. Онда олар тек саудагер ғана емес, сонымен бірге шебер қолөнершілер, суретшілер, музыканттар, бишілер және түрлі діндердің уағызшылары ретінде танылды. Қытай деректері VI ғасырдың соңынан бастап соғдылардың түркі қағандарының ордаларында кеңесші қызметін атқарғанын атап өтеді.

Көшпелі өмір салты өзінің тұрмыс-тіршілікті ұйымдастыру ерекшеліктеріне қарай отырықшы өмірден белгілі бір дәрежеде кейін қалушылықты болжамдайды. Түрік қағанатының шаруашылық, мәдени өмірі мен қоғамдық құрылымының сан алуан қырлары бұл мемлекеттің өз дәуірі үшін жоғары деңгейде дамыған мәдениетке ие болғанын көрсетеді. Әсіресе осының ең дәлелді айғағы – түрік-тұғю халқының өзіндік түпнұсқалық жазуы – көне түрік руникалық жазуының болуы. Бұл жазу әріптердің пішіні жағынан скандинав руналарына ұқсастығына байланысты осылай аталған.

Көне түрік жазуын Скандинавия рун жазуына немесе өзге бір жазу жүйесіне шығарып байлау жөніндегі ұзақ жылдар бойғы әрекеттер нәтижесіз болып шықты, өйткені ол – автохтонды, жергілікті негізде қалыптасқан жазу. Түрік руникасындағы дыбыс не буындық мәні бар таңбалардың үштен екісі ежелден бар рулық таңбалар – тамғалардан құралатыны анықталды. Демек, бұл таңбалар бірнеше ғасыр бұрыннан қолданылып келгендіктен, сырттан енген жазуды қабылдау мүмкіндігін толықтай жоққа шығарады (Көне түрік ... 2017).

Буддистік идеялар VII-VIII ғғ. Батыс Түрік қағанатына да енгенімен, үстемдік алған дүниетанымға айнала қойған жоқ. Көптеген түрік тайпалары дәстүрлі наным-сенімдеріне берік болып қала берді; мысалы, Ыстықкөл маңындағы көшпелілер отқа және рухтарға табынуды жалғастырды. Батыс түріктердің қағаны Таншэху Сюаньцзанды жылы қабылдап, оның уағыздарын ықыласпен тыңдағанымен, Хуэйчаоның куәлігі бойынша VIII ғ. басында "батыс түріктердің негізгі бөлігі Будда заңын білмейтін, олардың арасында не монастырлар, не монахтар болған емес" (Fuchs 1938: 453).

759-764 жж. Кашмир мен Гандхарға барған қытайлық қажы Укун бұл қалада түрік билеушілері мен олардың әулет мүшелері негізін қалаған, сол кезде шамамен жүз жылдық тарихы бар бірнеше буддистік храмның болғанын атап өтеді. Кашмирде "Хатун храмы" және түрік қағанының ұлына тиесілі "Вэйлитэлэ храмы" болған. Э. Шаванның пікірінше, Вэйлитэлэ – Динавериде Вель-тегін, басқа дереккөздерде Бар Муда ретінде белгілі тұлғамен бір адам; ол Бұхарадан шыққан, VI ғ. соңында өмір сүрген. Ал "Хатун храмы" жөнінде Э. Шаванн оны 739 ж. Каписаның (қазіргі Ауғанстан) билеушісі болған Усан-тегінчемен байланыстырады (Chavannes 1903).

Аталған буддистік киелі орындарды түріктермен байланыстыратын жергілікті дәстүрдің шынайылығына күмән келтіруге негіз жоқ, алайда ғалымдар ұсынған тұлғаларды сәйкестендіру және соған негізделген хронологиялық межелеулерді даусыз деп айту қиын. Дегенмен, VI ғ. соңы болмаса, VII ғ. бірінші жартысында Батыс түрік билеушілерінің бірқатары буддизмді қабылдағаны немесе осы дінге қамқорлық жасағаны байқалады. VIII ғ. басындағы Хуэйчаоның мәліметтерінде Батыс түрік қағандары мен ақсүйектері буддистік монастырлар құрып, оларға сый-тарту жасап отырған ыждағатты буддашылдар ретінде сипатталады. Үндістанның солтүстік-батыс аймақтарының бірі туралы: "Мұндағы патша – түрік, дегенмен бұл жерде триратна дініне құрмет көрсетіледі. Патша, оның зайыптары, ханзадалар мен ақсүйектер – бәрі де монастырлар тұрғызып, буддистік құрбандықтар шалуда" деп жазылады (Fuchs 1938:

445). Осы саяхатшы буддизмді қолдаушы түрік билеушілері туралы өзге де көптеген деректер келтіреді (Fuchs 1938: 446–449).


Батыс түріктер арасындағы буддизмнің таралуын олардың, әсіресе қалалық, отырықшы өмір салтына көшуімен және жергілікті буддистік халықпен тығыз қарым-қатынас орнатуымен байланыстыратын А. фон Габеннің пікірі орынды (Gabain 1954: 166). Сонымен қатар буддизмді ұстанатын халықты басқару қажеттілігіне қатысты саяси факторлар да маңызды рөл атқарды.

Буддизм өзінің айрықша ықпалын ерте кезеңде мемлекетке айнала бастаған ұйғыр ортасына да тигізді. Мәселен, алғашқы ұйғыр көсемдерінің бірі Яглақар Яошидің есімі қытай деректерінде Пуса, яғни "Бодхисаттва" деп беріледі. Бұл құрметті лақап ат Орта Азияда көрнекті буддистік уағызшылар мен билеушілерге берілген. VII ғ. соңы – VIII ғ. басына жататын, Моңғолия аумағынан табылған қытай теңгесінде руникалық жазу қашалған: "Құмашбақшы бақытты болсын!"; мұндағы baqsyg термині "буддистік уағызшы, рухани ұстаз" мағынасын білдіреді (Кляшторный 1973).

762 ж. бастап ұйғыр қағаны манихейлікті мемлекеттік дін ретінде қабылдағаннан кейін буддизм өз позицияларының едәуір бөлігінен айырылды. Алайда қағанаттың құлауынан және ұйғырлардың Ганчжоу мен Турфанға қоныс аударуынан кейін буддизм қайтадан күшейе түсті. X ғ. бастап турфандық ұйғырлар арасында буддизм негізгі дінге айналды. Турфаннан табылған "Арьярад-жававадакамахаянасутра" фрагментінің колофонында бұл мәтіннің тибет тілінен ұйғыр тіліне аударылғаны көрсетіледі (Восточный Туркестан ... 1992: 186).

Ұйғыр тілінде жазылған прозалық және поэзиялық шығармалардың басым бөлігін буддистік мәтіндер құрайды. Аудармалар санскрит, тохар, тибет, қытай және, болжам бойынша, соғды тілдерінен жүзеге асырылған. Бізге "Суварнапрабхасасутра", "Саддхармапундарикасутра", "Амитабха-сутра", "Абхидхармакошасутра", "Дишаствустиксутра" және Сюаньцзанның өмірбаяны жетіп отыр (Фрагменты уйгурской версии ... 1980).

Буддистік өлең-жырларға қатысты С.Е. Малов: "буддистік әдебиеттің негізгі қасиетті канонын құрайтын мәтіндердің барлығы дерлік ұйғырлар тарапынан өз тілдеріне аударылып, монастырь кітапханаларында сақталған" деп жазады (Малов 1951: 142). Түркі тіліндегі буддистік жәдігерлердің ішіндегі ең көрнектілерінің бірі – "Суварнапрабхасасутра".



2-сурет – "Алтун ярук" көне ұйғыр тіліндегі қолжазба нұсқасының фрагменті (Le Coq 1926)

A Fragment of the Old Uyghur Manuscript Altun Yaruk (Le Coq 1926).

"Майтрисимит" атты еңбекті де атап өткен жөн. Бұл – болашақ Будда Майтрейяның өміріне арналған, қытай тілінен аударылған шығарма, онда бастапқы үнді нұсқасы да сақталып қалған. "Майтрисимиттің" хотан-сақ тіліндегі, санскрит пен пали тілдерінен аударылған нұсқалары да бар. Осы еңбектің түрікше нұсқасы шамамен IX ғ. немесе тіпті VIII ғ. бірінші жартысында жасалған деп болжанады (Tekin 1980).

Көптеген ұйғырлардың ерте ұйғыр өлеңдерінің біріндегі автор секілді:

Ұстазым – Будда атымен,
Оның таза (қасиетті мәніне),
Қымбатты қауымына
Жан-тәніммен сенемін,
– деп қайталағанына күмән жоқ (Тугушева 1988: 250).

Ұлы мұсылман ойшылы Махмұд Қашқари ұйғырлар елін буддистік ғибадатханалар мен пұттар өлкесі деп санаған (Kâşgarlı Mahmud 2014: 247). Түрік-буддистік мәтіндер арасында хинаяна (буддизмнің ерте ағымдары) дәстүріне жататындары да, махаяна (кейінгі буддистік ағымдар) дәстүріне жататындары да бар, алайда соңғылары айтарлықтай басым. Бұл құбылыстан Орталық Азия буддизмінің жалпы даму үрдістерінің көрінісін байқауға болады.

Буддистік сенім түрік ортасына бейімделу барысында кейде едәуір түрленіп отырған. Дәстүрлі дүниетанымдық түсініктердің жаңа дін идеологиясына белгілі бір деңгейде сіңісіп, онымен үйлесуі табиғи құбылыс еді. Мұның бәрі қисынды жағдай ретінде қабылданады, өйткені сол дәуірдегі кейбір қолжазбаларда жергілікті мифологияның ықпалы анық байқалады (Gabain 1964: 211-243).

VIII ғ. ортасына қарай Тибетте буддизм ішкі бірлігін нығайтып, 787 ж. мемлекеттік дін мәртебесін иеленеді. Соның нәтижесінде тибет үстемдігі орнаған аумақтарда миссионерлік қызмет жанданған. Осыған байланысты тибет оккупациясы буддизмнің Турфанның оңтүстігінде ғана емес, солтүстік өңірлерінде де кеңінен таралу кезеңіне айналды. 830 ж. хотандық сәулетшілер мен суретшілер Тибеттегі буддистік монастырьларды салу мен безендіру жұмыстарына қатысқан (Hambis 1977: 100). Бұл оқиға буддизмнің түрік халықтары үшін қаншалықты маңызға ие болғанын көрсетеді.

Турфанда орныққан буддизм мұнда шамамен жүз жылға жуық уақыт бойы өмір сүріп, халық санасында барған сайын тереңдей түсті. Оның кең таралуы мен ұзақ ғұмыр кешуі, ең алдымен, осы кезеңде, сондай-ақ тұтастай алғанда Шығыс Азияда бүкіл діни-идеологиялық кеңістікті ығыстыра алатындай қуатты балама ағымның болмауымен түсіндіріледі. Сондықтан буддистік идеялар мен нанымдар рухани мәдениеттен өз орнын салыстырмалы түрде оңай тапты. Шын мәнісінде, діни өмірді бір ғана конфессиялық жүйе емес, сан алуан наным-сенімдердің күрделі кешені қамтамасыз еткен. Осындай жағдай буддизмнің таралуы үшін өте қолайлы орта болды (Fuchs 1938: 12, 15).

Жоғарыда келтірілген тұжырымдардың барлығы ежелгі мәдениеттерден уақыт сынынан өтіп, бүгінгі күнге дейін жеткен материалдық жәдігерлерге сүйене отырып, көрнекті ғалымдардың көптеген жылдарға созылған кешенді зерттеулері нәтижесінде жасалған. Алайда жаңа діндердің белгілі бір халықтарға ең алдымен қалаларда өмір сүрген элита мен ақсүйектер ортасы арқылы таралғанын көреміз. Дәл осы қалалық ортада храмдар салынып, жазба еңбектер дүниеге келді. Бүгінгі зерттеушілер сол заттық мәдениет қалдықтарына қарап, өткен дәуір адамдарының қалай өмір сүргенін, нені

ойлағанын пайымдайды. Дегенмен көшпелі өмір салтын ұстанған дала тұрғындарының басым көпшілігі үшін мазмұны күрделі өзге дінді қабылдауға дайындық деңгейі жеткіліксіз болған деген пікір айтуға негіз бар.

Турфандағы буддизмнің шамамен жүз жылдық ықпалы мен манихейлік кезеңнен кейін бұл аймақта исламның көпғасырлық таралу дәуірі басталды. Соған қарамастан, өңір халықтарының күнделікті тұрмысында, салт-дәстүрінде алғашқы көне наным-сенімдер элементтері бүгінгі күнге дейін едәуір дәрежеде сақталып отыр. Яғни көшпелі өмір салты архаикалық дүниетаным мен әлемге деген көзқарастарды сақтаушы біртұтас "консерватор" қызметін атқарды деуге болады.

Шығыс Азияның өзге елдерінен айырмашылығы, Турфанда буддизм III-IV ғғ.-ақ басым, кейіннен үстем дінге айналды (Восточный Туркестан ... 1992: 492-493). Буддизм әлеуметтік өмірдің барлық қырларына әсер етіп, идеология, әдебиет пен өнерге айқындаушы ықпал жасады. Жергілікті элита мен билеушілер жаңа дінді орнықтыруға белсене араласып, сангха қызметіне тікелей қолдау көрсеткен. Кейбір билеушілер дүниелік және рухани билікті қатар ұштастырған. Хотан және кейбір өзге кінәздіктерде буддизм іс жүзінде мемлекеттік дін мәртебесіне ие болды (Восточный Туркестан ... 1992: 492-493).

Буддизм мен үнді дәстүрлерінің ықпалы назидатты әдебиетте де айқын байқалады. Мұнда, әсіресе, Гаутама ханзада – Будда Шакьямунидің өміріне қатысты кең тараған сюжеттер жиі ұшырасады. И.В. Стеблева атап өткендей, буддистік миссионерлердің белсенді қызметі Орта Азиядан бастап Қытайға дейінгі кең аумақта ғасырлар бойы үздіксіз жүріп отырған (Стеблева 2007: 129). Тек X ғ. ғана Кочо мемлекетінде буддизм манихейлікті ығыстырып, ресми дінге айналды. Қытай императорының елшісі X ғ. соңында Кочоға сапары кезінде бұл елде көптеген буддистік храмдардың бар екенін хабарлайды. Сангха жергілікті халықтың қоғамдық өмірінде маңызды рөл атқарып, билеушілер тарапынан үнемі қолдау тапқан (Стеблева 2007: 129).

Монастырьлардың экономикалық өмірі олардың шаруашылық қызметі мен тұрғындарына қатысты мемлекеттік бақылау нысандары көрсетілген сақталған монастырлық құжаттар негізінде айқындалады.

Христиандық идеялардың түріктер дүниетанымына ықпалы

Буддизммен салыстырғанда, христиандықтың Орта Азияға енуі мен ықпалы әлде-қайда әлсіз болды. Христиан дінінің алғаш ене бастаған кезеңі жөнінде деректер де тым мардымсыз. "Ежелгі және ерте ортағасырдағы Шығыс Түркістан" атты еңбекте аталғанындай, Турфанда XX ғасырдың басында сириялық, соғды, орта парсы және түрік тілдеріндегі христиандық қолжазбалар табылған, олар сириялық шежірелер мен несториан патриархтарының жолдауларының негізгі дереккөздері болып табылады. Бұл мәтіндерде миссионерлер қызметі мен митрополиялардың құрылуы туралы мәліметтер қамтылған. Сонымен қатар аздаған жартастағы жазбалар және қытай деректеріндегі үзік мәліметтер бар. Осындай деректердің бірі – Чанъаньнан табылған (3-сурет) сириялық-қытайлық жазуы бар несториандық стела; оның қытайша мәтіні зерттеушілердің үлкен қызығушылығын туғызуда. Аталған жазу Қытайдағы христиандықтың ерте тарихы мен VII ғасырдағы несториандық миссиялар туралы баяндайды. Сондай-ақ Дуньхуаньнан табылған христиандық мәтіндердің қытайша аудармалары белгілі. Бұл дереккөздерде христиандықтың Турфанға енуіне қатысты нақты даталар келтірілмегенімен, VI–VII ғасырларда несториандықтың Орта Азияда кең таралғанын, ал VII ғасырдың бірінші жартысында Қытай аумағына да жеткенін айтуға болады (Восточный Туркестан ... 1992: 533).

Христиандықтың Батыстан Шығысқа бағытталған таралу жолы Иран мен Орта Азия арқылы өткендіктен, Турфандағы христиан дінінің тағдыры осы аймақтардағы христиандық ілімнің даму тарихымен тығыз байланысты болды. Христиандықтың алғашқы таралуы түріктер арасында өмір сүрген ирантілдес халықтар ортасынан басталған. Өзге діндердің ықпал ету үдерістеріндегідей, бұл жерде де христиандықты насихаттауда соғдылардың миссионерлік қызметі шешуші рөл атқарды. Бұған соғды тіліндегі несториандық қолжазбалардың табылуы дәлел бола алады. Сонымен қатар орта парсы тіліндегі қолжазба ескерткіштер мен соғды аудармаларындағы орта парсыдан енген лексикалық қабат ирандық несториандардың Шығыстағы миссионерлік қызметке белсене қатысқанын немесе VII–IX ғасырларда Турфанда соғды ғана емес, парсылық несториан қауымдарының да болғанын көрсетеді.

Несториандықтың Орта Азияға таралуының X-XIV ғасырлардағы кезеңдері еуропалық саяхатшылар – Плано Карпини, Гильом де Рубрук және Марко Поло еңбектерінде кеңінен сипатталады. Сонымен қатар Жетісу мен Солтүстік Моңғолия аумақтарынан табылған түрік тіліндегі құлпытас жазбалар да христиандықтың бұл өңірде болғанын айғақтайды. Хара-Хото қаласынан табылған мазмұны жағынан христиандық контексті қамтитын сириялық және сиро-түріктік мәтіндер де осы мәселені нақтылай түседі (Восточный Туркестан ... 1992: 533). Христиандықтың Шығысқа таралуы тек уағыз арқылы ғана жүзеге асқан жоқ. Несториандықтың кеңеюінде Сирия мен Парсыдан шыққан христиан саудагерлер де аса маңызды рөл атқарды. Иранда болған қуғын-сүргіндер нәтижесінде ирантілдес христиандардың Азияның түкпір-түкпіріне қоныс аударуы – олардың жүрек жағына, яғни Азия ішкерісіне келуінің бастапқы себебі болуы әбден ықтимал.

Христиандықтың өз ішінде бастапқы кезеңнен-ақ Ескі және Жаңа Өсиет мәтіндерін түсіну мен талқылауда түрліше көзқарастар туындап, соның нәтижесінде әртүрлі христиандық ағымдар пайда болды. Бұл құбылыс, түптің-түбінде, бөлінуге және бүгінгі күнге дейін белгілі негізгі бағыттардың дараланuына әкелді.

Сөйтіп, христиандық Орта Азия мен Иранда кең тарала бастаған сәтте, ол әлдеқашан біртұтас ілім болудан қалған еді.



The Nestorian Monument at Siganfu (Hsi-an-fu). It was set up in the days of the Nestorian Catholicus and Patriarch, Mar Henan Isho (died A.D. 780) and was unveiled on February 4 following (A.D. 781).

3-сурет – Чанъань стеласындағы қытай-сириялық жазу (Бэйлинь стелалар мұражайы, Сиань қ.)

The Chinese-Syriac Inscription on the Chang'an Stele (Beilin Museum, Xi'an).

Бұл кезеңде тек қудаланған, тыйым салынған ағымдар ғана емес, сонымен қатар өзара әлеуметтік және саяси қайшылықтарға байланысты дербес шіркеулік ұйымдар да қалыптасқан болатын. Жаңа ілімнің қабылдануына сол өңірде өмір сүрген халықтардың мәдени дәстүрлері де елеулі үлес қосты.

V ғасырдың ортасында Христостың болмысы – оның құдайлық және адамдық табиғаты туралы шиеленіскен пікірталастардан кейін Сирия шіркеуі ақырында православие шіркеуінен толық бөлініп шықты. Дегенмен ол өз алдына жеке шіркеу ретінде бұған дейін, II ғасырда-ақ, Константинополь патриархатына бағына отырып айқындала бастаған еді. 451 жылы Халкидонда өткен Жалпыға ортақ Соборда Христос табиғатының қос қыры – құдайлық және адамдық болмысының "араласпайтын әрі ажырамайтын" бірлікте екені туралы белгілі православиелік догмат қабылданды. Аталған догматқа қарсы шыққан Шығыс Сирия шіркеуі диофизиттік бағытқа бет бұрып, Христос табиғатындағы екі болмысты белгілі дәрежеде бөліп қарастыратын, тек шартты, сырттай ғана бірлігін мойындайтын ілімді қабылдады. Константинополь патриархы Несторийдің (шамамен 431 ж. қайтыс болған), диофизиттіктің басты қорғаушыларының бірі болғанына байланысты бұл ағым Несториандық деп аталды. Несторийдің өзі 431 жылы Эфесте өткен Үшінші Жалпыға ортақ соборда дінбұзарлық үшін айыпталған болатын (Atiya 1968: 250).

Армян, копт (Египет) және Батыс Сирия шіркеулері де аталған догматпен келіспейтінін білдірді, алайда олар мүлде басқа бағыттағы – монофизиттік ұстанымды қолдады. Монофизиттік ілім Христостың тек бір ғана – құдайлық табиғатын мойындап, оның адамдық болмысын мәнсіз атрибут ретінде қарастырады. Батыс Сирия шіркеуінің белгілі бір қанатының жақтаушылары VI ғасырдағы шіркеу қайраткері Яков Цанцаланың құрметіне "яковиттер" деп атала бастады (Восточный Туркестан 1992: 534).

Қарқынды әрі өткір діни тартыстың нәтижесінде монофизиттер үстемдікке қол жеткізді. Несториандықтың жақтаушылары қуғын-сүргіннен құтылу мақсатында Нисибинге (қазіргі Түркия аумағындағы Нусайбин қаласы) кетуге мәжбүр болды. Бұл қала сол дәуірде сасанилік Иранның құрамында болып, сириялық мәдениеттің дәстүрлі орталығы саналды. Осында жүргізілген белсенді идеологиялық қызмет нәтижесінде несториандар жергілікті христиан қауымдары арасында өз ілімдерін орнықтырып, Иран христиандары арасында ықпалын кеңейтті. 484 жылы Персия шіркеуі Батыс Сирия шіркеуінен түбегейлі бөлініп, арнайы соборда несториандық вероисповеданиені қабылдады. Ктесифон несториан патриархының негізгі резиденциясына айналды. Алайда Иран христиандарының барлығы бірдей несториандыққа өткен жоқ: православие дәстүрін ұстанған қауымдар да сақталды, сондай-ақ белгілі бір бөлігі монофизиттер жағына шықты.

Несториандық христиандық әлемнің Шығыс бөлігіндегі ең ықпалды тармақтардың біріне айналып, Орта Азия елдерінде де миссионерлік қызметін белсенді жүргізді. Турфанда табылған христиандық ескерткіштер мен христиан әдебиетінің үлгілерін осы ерте миссионерлік кезеңмен байланыстыруға негіз бар. Ал монофизиттер миссионерлік қызмет ауқымы жағынан Шығыста несториандардан әлдеқайда әлсіз болды. Соған қарамастан, VII ғасырдың бірінші жартысында яковит митрополиялары Иранның шығыс аймақтарында – Систан мен Гератта қалыптасты. Марко Поло сипаттаған Турфандағы яковит шіркеулері әлдеқайда кейінгі кезеңге, яғни X–XI ғасырлардан ерте емес уақытқа жатқызылуы мүмкін.

А.Я. Борисовтың пікірінше, Тараздан (Жетісу) табылған, Петр мен Гавриил есімді екі христианның аттары қашалған сириялық жазу яковит-христианға тиесілі. Бұл тұжырым жазудың батыстық, яковиттік мектепке тән графикалық ерекшеліктеріне негізделген. Аталған жазуды зерттеуші VII–VIII ғасырлармен даталайды (Борисов 1948: 107).

Несториан шіркеуінің миссионерлік қызметі негізінен екі бағытта дамыды: біріншісі – Үндістан мен Оңтүстік-Шығыс Азияға, екіншісі – Орта Азия, Турфан және Қытай бағытында. Несториан миссиясының Шығыстағы қызметі жөніндегі сириялық дереккөздер жүйесіз әрі үзік түрде жеткен, көбіне аңыздық сипаттағы мәліметтерге толы болғандықтан, олардың барлығын бірдей толық сенімді деуге келмейді. Тұтастай алғанда, христиандықтың таралуы Қытайға баратын сауда жолдары бойындағы колониялардыңқұрылуыменжәнеИрандағықуғын-сүргінкезеңдеріндехристиандардың шығысқа көшуімен байланысты табиғи әрі стихийлі үдеріс ретінде өрбіді. Көп жағдайда діни қызметкерлер мен монахтардың келуі христиан ілімі бұған дейін бейресми түрде таралған өңірлерде шіркеулік құрылымдардың ресми түрде бекітілуін ғана қамтамасыз етті (Восточный Туркестан 1992: 535).

Шапур II (309-379) билік еткен кезеңде Иран христиандарының жағдайы күрт нашарлап, олардың бір бөлігінің шығыс аймақтарға жер аударылғаны туралы V ғасырдағы армян тарихшысы Егише хабарлайды (Егише 1971: 65). Сонымен қатар Йездегерд II (438–457) тұсында да несториандар қудаланып, бұл жағдай олардың Орта Азияға қоныс аударуына себеп болды. 549 жылы эфталиттер билігі астындағы Орта Азия христиандары сол кезеңдегі несториан патриархы Мар Аббадан (540–552) өздеріне епископ тағайындауды сұраған (Braun 1901: 217). V-VI ғасырларда несториандық Соғды аумағына да тарай бастады. Несториан шіркеуінің деректерінде миссионерлік қызмет патриархтар Ахай (410–415), Шила (505–523) және Йешуяб II (628–643) есімдерімен байланыстырылады (Sachau 1919: 19; Messina 1947: 74). Ислам дәуірінің тарихшылары VII–IX ғасырларда Самарқанд, Бұхара және Жетісу аумағында христиан қауымдарының болғанын атап өтеді. Несториан шіркеуінің өмір сүргені археологиялық материалдармен, сондай-ақ сириялық, соғды және түрік тілдеріндегі жазба ескерткіштермен де дәлелденеді (Борисов 1948: 108; Кызласов 1959: 32).VI ғасырдың ортасында Түрік қағанатының құрылуы және 563–567 жылдары эфталиттердің түріктерден жеңіліс табуы несториандардың Орта Азияға енуіне жол ашты. Түрік мемлекетінің пайда болуы Амудариядан Қытайға дейін созылған аумақтағы саяси тұрақтылықты нығайтты. Иран мен Орта Азияны Қиыр Шығыспен жалғаған сауда жолдары қалпына келтірілді. Негізгі керуен жолдары дәл Соғды мен Жетісу арқылы өтетін: олардың бірі Соғдыдан Ферғанаға, одан әрі Қашғар мен Турфанға, ал екеуі Жетісудан Ақсу, Кочо және Турфанға бағытталды (Кляшторный 1961: 98). Халықаралық саудада сол кезеңде басымдық соғдылардың қолында болды, алайда сириялық және ирандық саудагерлер де біртіндеп шығысқа қарай бой көрсете бастады. Дәл осы уақытқа Қытайдағы христиандар жөніндегі алғашқы құжатталған деректер де жатады. Қытай деректерінде Мар Саргис атты сириялықтың отбасы туралы айтылады: оның ата-бабалары Батыстан келіп, 578 жылы Линьытаоға (қазіргі Ганьсу провинциясы) қоныстанған (Кычанов 1978: 76). Сонымен қатар христиандардың Қытайға одан да ертерек, VI ғасырдың басында жетуі мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Христиандардың Қытайға енуіне айқын дәлел – XVII ғасырда табылған Чанъань стеласы (3-сурет). 781 жылы Кумдан (Чанъаньның сириялық атауы) хурепископы

Яздебузид орнатқан бұл стеланың қытайша мәтіні Алобэн епископтың Дациннен (Рим Сириясы) Қытайға келуінен бастап 781 жылға дейінгі несториан шіркеуінің қысқаша тарихын қамтиды (Pelliot 1921: 91). Онда өзге христиан миссиялары да аталып, патриархат пен орталықтан шалғай митрополиялар арасындағы байланыстардың сипаты көрсетіледі (Кычанов 1978: 81–82). Аталған жазбада Турфанда несториандықтың таралуы жөнінде нақты дерек берілмейді, алайда Қытайдағы миссионерлік қызметтің жалпы көрінісін сипаттайды. Яздебузидтің өзі де, сірә, Батыстан шыққан, өйткені мәтінде ол "Тохарстандағы Балх қаласының священнигі Милистің ұлы" деп аталады (Кычанов 1978: 80).

Е.И. Кычановтың пікірінше, Қытайдағы белгілі несториандық монастырлардың географиялық орналасуы (төртеуі – Чанъаньда, бірі – Лоянда, төртеуі – Сычуань мен Линьуда) олардың негізінен шетелдіктерге, яғни астаналардағы сауда колониялары мен елшілік өкілдеріне, сондай-ақ Тан империясының батыс провинцияларына сауда мақсатымен келген христиандарға қызмет еткенін көрсетеді (Кычанов 1978: 82–83).

Йешуяб II тұсында Самарқандта митрополияның құрылуы жөніндегі дерек ерекше маңызға ие. Турфан аумағының соғдылық колонизациясы христиандықтың Шығысқа қарай таралуын қамтамасыз етті. Батыс Түрік қағанаты кезеңінде соғдылар Шығыс пен Батыс арасындағы транзиттік сауданы дерлік монополиялады. Соғдылық колониялардың саяси және экономикалық ықпалы қағанат аумағындағы ішкі және сыртқы саясатқа елеулі әсер етті (Кызласов 1959: 29–31; Gabain 1964).

VII–VIII ғасырларға, болжам бойынша, Турфанда А. фон Лекок экспедициясының XX ғасырдың басында тапқан сириялық, орта парсылық және соғды тілдеріндегі христиан қолжазбаларының бір бөлігі жатады. Бұл мәтіндердің нақты даталануы әзірге күрделі мәселе болып қалып отыр, кейбірі, мүмкін, одан да кеш кезеңге тиесілі болуы ықтимал. О. Хансен жариялаған соғды фрагменттердің бірінде ирандық христиандардың Турфандағы миссионерлік қызметі туралы тарихи мәтіннің үзіндісі сақталған деп жорамалданады (Hansen 1966: 98, 1034). Онда Месопотамия мен Хузистан (Иранның оңтүстік-батысы) христиан қауымдары бағынған несториан шіркеуінің бір жетекшісі өз бауырын алыстағы "'rgn" аймағына (сир. Ywmr) сол жерде шіркеу-часовня салу үшін жібергені баяндалады. Бұл өңір ежелгі Аркене (тохарша) немесе Аргина (хотан-сақша) деген атаулармен белгілі Қарашар болуы мүмкін. Құжаттың дәл Турфанда табылуы осы жорамалдың ықтималдығын арттыра түседі. Қазіргі сириялық әдебиетте оған тікелей сәйкес келетін аналогтың жоқтығы бұл мәтінді Қарашардағы соғды христиан қауымының жергілікті хроникасының фрагменті ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.


VIII ғасырдың ортасына дейін несториан миссионерлері Соғды өңіріне жетіп, Жетісудағы соғдылық колонияларда, сондай-ақ Турфан, Қарашар және Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы бойындағы елді мекендерде кеңінен таралды. Дуньхуанда кем дегенде IV ғасырдан бастап соғдылық колония болғанын атап өткен жөн, ол тарихи тұрғыдан миссионерлік орталық қызметін атқарды. А. Стейн мен В. Хеннинг Дуньхуан маңынан тапқан "Ескі хаттарды" IV ғасырмен даталаса, Я. Хармата оларды II ғасырдың соңына жатқызады, бұл христиандықтың Турфан өңіріне әлдеқайда ертерек енуі мүмкін екендігін көрсетеді.

Уақыт өте келе христиандық Қытайға да еніп, белгілі бір деңгейде ресми мойындалды, митрополия құрылып, монастырлар ашылды. Осы кезеңде несториандық қолжазбалар

ISSN: 3105-0042. e-ISSN: 3105-0050

сириялық тілден соғды және қытай тілдеріне аударылды (Кычанов 1978: 81; Messina 1947: 299). Турфаннан табылған орта парсы тіліндегі христиан қолжазбаларын және соғды аудармаларындағы орта парсылық лексикалық қабаттарды талдай отырып, О. Хансен олардың бір бөлігінің түпнұсқасы парсы мәтіндеріне негізделген деген қорытындыға келеді (Atiya 1968: 95–102). Бұл VI–VII ғасырларда Орта Азия аумағында иран христиан қауымдарының өмір сүргенін көрсетеді.

Несториан шіркеуі қай өңірде болмасын ресми жазбаларды сириялық тілде жүргізіп отырған, ал христиан әдебиеті халыққа түсінікті болуы үшін жергілікті тілдерге аударылған. Бұған дәлел ретінде Пенджикенттен табылған құмыра сыныңындағы сириялық несториан мәтінін – псалмның үзіндісін атауға болады; ол, шамасы, оқу мақсатында жазылған және қателерінің сипатына қарағанда, соғды авторға тиесілі (Егише 1971: 34). Сириялықтар Ұлы Жібек жолы бойында маңызды рөл атқарған, олардың Қытайдағы пайда болуы VI–VII ғасырлармен даталанады, сондықтан Дуньхуанға миссионерлер ретінде бұдан да ертерек келуі мүмкін. Кейінгі кезеңдерде Шығыс Түркістанға сириялықтардың келуі күшейіп, оларды IX ғасырдағы Бездеклік будда үңгір-монастырінің қабырға суреттерінен донаторлар қатарында көруге болады (Le Coq 1926: 75). А. фон Лекоктың пікірінше, өңірде конфессиялық плюрализмнің жоғары деңгейде болуы салдарынан бір діннен екіншісіне өту жағдайлары жиі кездескен, сондықтан сириялық христиандардың ұрпақтарының кейін буддизмге өтуі де әбден мүмкін.



4-сурет – Бездеклік будда үңгір-монастырінің қабырға суреті (IX ғ.) (Messina 1947: 74-137)

Wall Painting from the Bezeklik Buddhist Cave Monastery (9th Century) (Messina 1947: 74-137).

VIII ғасырдың ортасында арабтардың Иран мен Орта Азияға жасаған жаулаушылық жорықтарының нәтижесінде соғдылар Турфанға қоныс аударды. Бұл өңірдің саяси келбеті түбегейлі өзгерді. 774 жылы Батыс Түрік қағанаты ыдырағаннан кейін Кочо, Қарашар және Турфан аумақтары Ұйғыр қағанатының құрамына кірді. Ұйғыр мемлекеті көпұлтты әрі көпконфессиялық империяға айналып, оның аумағында шаманизм, манихейлік, буддизм және христиандық қатар өмір сүрді. Манихейлік 764 жылы ресми түрде мемлекеттік дін мәртебесін алды.

Осы кезеңде Жетісуда түрік қағандары қалыптасып келе жатқан мемлекет үшін идеологиялық негіз қалыптастыру мақсатында христиандықты қолдады. VIII-IX ғасырлар тоғысында несториан шіркеуінің миссионерлік қызметі едәуір күшейді. Несториан шежірелерінде бір түрік халқының христиандықты қабылдағаны туралы дерек келтіріледі, оны зерттеушілер Жетісу қарлұқтарымен байланыстырады (Braun 1901: 138).

Сириялық жылнамаларда Бет-Хобех (Ассирия) монастырінің көрнекті монахы Шубхалишо туралы айтылады: патриарх Тимофей I оны Каспий маңы аймақтарына, одан әрі Орта Азия мен Қытайға миссионерлік қызметпен жіберген (Hastings 1908: 478–486). Дереккөздерде оның пұтқа табынушыларды, манихейлерді, отқа табынушыларды, сондай-ақ Маркион Понтийский есімімен байланысты маркионниттерді христиандыққа кіргізгені баяндалады. Ф. Наудың пікірінше, маркионниттердің христиандықты қабылдауы Орта Азияға қатысты маңызды айғақ болып табылады және бұл еретикалық ағымның аталмыш өңірде таралғанын дәлелдейді (Кляшторный 1961: 250).

1905 жылы А. фон Лекок экспедициясы VIII-IX ғасырларда қызмет еткен Кочодағы бірегей несториан храмын анықтады. Храм қабырғаларынан түрлі христиандық сюжеттік композициялар бейнеленген суреттер табылды. Қасиетті орын қала қамалының сыртында орналасып, оған іргелес жерде буддалық мүсіндер кешені болған. Ғимарат дәстүрлі христиан сәулеті қағидаттарына сай тікбұрышты жоспармен салынған және "батыс–шығыс" осі бойымен бағдарланған.

А. фон Лекок экспедициясы сондай-ақ Верб жексенбісі (Бұтақтар жексенбісі) мейрамын бейнелейтін көріністі сақтап қалған (5-сурет). Композицияда қолында ладан салғыш пен потир ұстаған диакон және оған қарай ұзын бұтақтар көтеріп келе жатқан жамағат бейнеленген. Таяу Шығыс христиандары литургиялық рәсімдерде құрма бұтақтарын қолданған болса, Орта Азия несториандары тал не талшын бұтақтарын пайдаланған. Фрагменттің жоғарғы бөлігінде ат тұяқтары бейнеленген, бұл, үлкен ықтималдықпен, ат үстіндегі әулие Георгий образын көрсетеді (Кычанов 1978: 339; Pelliot 1921: 64). Басқа фрагменттерде салт атты бейне мен әйел тұлғасы көрініс тапқан, олар, сірә, Иерусалимге кіріп келе жатқан Иса Мәсіх сахнасын бейнелейді. Кейінгі кезеңде бұл культтік ғимаратты манихейлер пайдаланған.



5- сурет – Верб жексенбісі көрінісі. Кочодағы несториан храмы (Le Coq 1913)

Depiction of the Palm Sunday Scene in the Nestorian Church at Kocho (Le Coq, 1913).

Ладакхтағы (6-сурет) соғды жазуы Турфандағы несториандық дәстүрмен байланысты; ол 210 жылы христиан-соғды Ношфарнның қолымен қашалып жазылған (Chavannes 1913: 502–505; Mehlhose 1968: 367). Самарқандық Ношфарн, дереккөздерде айтылғандай, "ішкі жақтан", яғни Турфаннан келіп, Тибет қағанына жол тартқанын хабарлайды (Fuchs 1938: 137). Жазудың жанында үш несториандық крест бейнеленген. Христиандықты Тибетке жеткізген де соғдылар болуы мүмкін, алайда бұл өңірдегі христиандықтың таралу сипатын тек жанама деректер арқылы ғана пайымдауға болады (Пайкова, Маршак 1976: 100–111).

Кейбір зерттеушілер христиандық идеялардың Тибет пен Моңғолиядағы ламаистік дәстүрлерде де өз ізін қалдыруы ықтимал деп санайды. Иса (Иешу) есімі Бон діні мәтіндерінде "ұлы ұстаз", "кереметтер жасаушы" тұлға ретінде бірнеше рет аталады (Messina 1947: 299). Иса бейнелері кеш буддистік иконографияда да сақталған (Hansen 1966: 51).

Өз дәуірінде христиандық Хотанға да жетті. С. Гедин мен М. Гренар бұл өңірден табылған мыс мойын тұмар-крестілер жөнінде мәлімет береді (Гедин 1899: 96). Хотаннан табылған тибет және иран тілдеріндегі мәтіндердің көпшілігі буддистік мазмұнда болса, хотан-сақ тіліндегі бір ғана жазбада "христиан" мағынасындағы kirastanâ термині кездеседі. Қолжазбада христиан қауымының жетекшісі (hvâsta – "ең жақсы") туралы айтылған (Bailey 1961: 12). XI ғасырдың ортасында тарихшы Гардизи Хотанда екі несториан шіркеуінің болғанын жазады (Бартольд 1973: 20). XIII ғасырдың соңында Хотанға келген Марко Поло бұл қалада христиандардың қалмағанын баяндайды.

IX ғасырдың ортасында Ұйғыр қағанаты ыдырап, манихейлік біртіндеп буддизм мен христиандыққа жол бере бастады. Халық Турфан, Қарашар және Кочо аймақтарына қоныс аударып, жергілікті тұрғындармен араласты. Осы аумақтағы барлық этностар мен түрлі дін өкілдері біртіндеп "ұйғырлар" деген ортақ атаумен атала бастады; христиан қауымдары да бұл үдерістен тыс қалған жоқ. Несториандық ілім бұл ортада моңғол шапқыншылығына дейін сақталды.

X ғасырдың ортасында Аксу мен Кочо арасындағы аумақта өмір сүрген христиандар туралы Абу Дулеф хабарлаған (Бартольд 1964: 265). XIII ғасырдың ортасында (шамамен 1253 ж.) бұл өңірде болған Дж. дель Плано Карпини мен Г. де Рубрук ұйғырларды несториан сенімін ұстанушылар ретінде сипаттайды (Карпини, Рубрук 1980: 187). Г. де Рубруктың мәліметінше, Шығыс христиандықтың мәдени орталықтарынан алшақ орналасқан қауымдарда шіркеулік тәжірибе жалпыға ортақ нормалардан ауытқуы мүмкін болған. Ол Қытайдағы кейбір қауымдарда епископтардың сирек келуіне байланысты, дүниеге келген ер балалардың барлығын келесі келуіне дейін консакрациялау (майлау) дәстүрінің қалыптасқанын жазады (Карпини, Рубрук 1980: 189). Сондай-ақ XIII–XIV ғасырларда моңғол дереккөздерінде ұйғырлардың тарса – "христиандар" деп аталғаны жөнінде мәліметтер кездеседі (Pelliot 1914: 636). Бұл деректер Ұйғыр қағанатында манихейлік бұрын мемлекеттік дін болғанына қарамастан, кейінгі кезеңдерде несториандықтың ұйғыр ортасында кең таралғанын айғақтайды.



6-сурет – Ладакхтағы соғды және тибет жазуы (Chavannes 1913)

Sogdian and Tibetan Inscriptions in Ladakh (Chavannes, 1913)

IX ғасырдың ортасында Қытайдың христиандыққа деген көзқарасы күрт өзгереді. Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін өзге дін өкілдеріне қарсы қуғын-сүргін басталды. 845 жылғы заң бойынша христиандардың, манихейлердің және буддистердің Қытай аумағында тұруына тыйым салынды. X ғасырдың соңына қарай несториандар бұл өңірден толықтай кетіп, олардың қайта пайда болуы тек моңғол шапқыншылығынан кейін ғана байқалды. Сол кезде буддист монахтардың саны 260,5 мың адамды құраса, христиандар мен маздаиттердің саны шамамен 2 мың шамасында болған (Mehlhose 1968: 53, 73). Турфаннан табылған мәтіндер де буддистердің сандық басымдығын, ал христиандық пен манихейлік ұстанушылардың аздығын көрсетеді. Араб көпесі X ғасырдың 80-жылдарында Қытайдағы соңғы христиандар туралы мәлімет береді (Mehlhose 1968: 329).

Қытай мәдениетінде несториандықтың ізі тым әлсіз сақталған деуге болады. Христиандықтың жергілікті халық арасында кең таралғанын дәлелдейтін сенімді айғақтар жоқ. Чанъань стеласының қытайша мәтіні (3-сурет) мен христиан әдебиетінің қытай тіліне аударылған үлгілері христиандардың өз ілімін жергілікті тұрғындарға бейімдеуге талпынғанын көрсеткенімен, оның нақты таралу ауқымы жөнінде толық мәлімет бермейді. Турфаннан табылған қытай тіліндегі несториандық қолжазбалар VIII ғасырға жатады; олар, мүмкін, несториандықты қабылдап, кейін қуғынға ұшырап Турфанға қоныс аударған қытай христиандарымен бірге келген болуы ықтимал.

Дуньхуан маңындағы соғдылық колонияға қатысты қытай шаруашылық құжаттарын талдау соғдылардың қытайлармен ассимиляция үдерісін бастан кешкенін, ал соғдылық колонистердің қытай қоғамына діни ықпалының шектеулі болғанын көрсетеді (Gabain 1964: 150–154). Қытайлар арасында несториандық ілімге белгілі бір қызығушылықтың болғаны даусыз, ол жекелеген кезеңдерде Тан императорлары тарапынан қолдау тапқан. Алайда мұнда шешуші рөлді саяси мүдделер атқарғаны аңғарылады. Қытай ойшылдары кейбір христиандық элементтерді ішінара қабылдаған болуы мүмкін. Саэкидің пікірінше, қытайлық даос мистигі Люе (VIII–IX ғғ.) еңбектерінде Інжілмен үндес тұжырымдар

ISSN: 3105-0042. e-ISSN: 3105-0050

кездеседі (Pelliot 1921: 402). Даостар христиандықты Лаоцзы ілімінің түрлендірілген нұсқасы ретінде қабылдаған; олардың түсінігінде, Лаоцзы Батысқа кетіп, сол жерде қайта туған, ал оның шәкірттері – христиандар – осы ілімді жалғастырған. Лаоцзы туралы бұл аңыздың бір нұсқасы Дуньхуаннан табылған қытай сутрасында келтіріледі (Hastings 1908: 445).

IX ғасырда Жетісу өңірінде ислам тарала бастайды, ал христиандық ілім біртіндеп шегініс жасайды. 893 жылы Исмаил Самани Тараз қаласын басып алып, Наршахидің мәліметінше, Тараз әміршісі көптеген декхандарымен бірге исламды қабылдаған, ал қаланың ірі шіркеуі мешітке айналдырылған (Grünwedel 1912: 86–87). Соған қарамастан, несториан сенімін ұстанушылар исламмен қатар өмір сүруін жалғастырды. Мұны Сарығадан табылған XI–XII ғасырларға жататын сиро-түрік жазулы құлпытас, темір ұстасы Георгийге тиесілі түрік-христиан ескерткіші, сондай-ақ Пішпек (қазіргі Бішкек) пен Токмак маңынан табылған XIII–XIV ғасырлардағы сириялық, түрік және армян тілдеріндегі құлпытастар дәлелдейді.

1253 жылы бұл өңірге келген Г. де Рубрук Жетісудағы христиан қауымдары туралы: "Бұл өлке бұрын Органум деп аталған, олардың өз тілі мен жазуы болған. Аталған тілде несториандар шіркеулік қызмет атқарып, кітаптар жазған" деп жазады (Borisov 1948: 107).

IX-X ғасырлар аралығында христиандықтың Азиядағы ықпалы айтарлықтай әлсірейді. Қытайда несториандық толықтай жойылады, ал исламның таралуы Шығыстағы христиандықтың ықпалын тағы да әлсірете түсті. Ұйғыр қағанатының ыдырауы Орта Азиядағы соғдылардың саудадағы жетекші рөлін де әлсіретті. X-XI ғасырларда "сириялық ренессанс" деп аталатын кезеңде сириялықтардың жаңа толқыны христиандықты қайта тарата бастайды. Бұл үдеріс несториан патриархы Тимофей I тұсында күшейіп, оның еңбектерінде көрініс табады (Bailey 1961: 98). XI ғасырда яковиттер мен мелькиттер несториан шіркеуіне жақындай түсті. Г. де Рубрук пен Марко Поло Турфан аймағында екі шіркеудің қатар өмір сүргенін атап өтеді; Жетісудағы христиан зираттарында несториан және армян қауымдары өкілдерінің бірге жерленуі соның айғағы болып табылады (Рубрук, Карпини 1980: 347).

XI-XII ғасырларда Турфанда христиан шіркеуі қайта жандана бастайды, христиандық тангуттар мемлекетіне де енеді (Бартольд 1964: 213). Турфан оазисінің солтүстігіндегі Булайық пен Кочо маңынан А. фон Лекок экспедициясы тапқан христиандық қолжазбалар VII-XI ғасырларға жатады (Воусе 1960: 17). Бұл мәтіндер парфян, орта парсы, жаңа парсы, соғды, сирия және түрік тілдерінде жазылған (Baumer 2017). Олардың басым бөлігін соғды мәтіндері құрайды, өйткені соғдылар Турфандағы несториандық идеологияның басты тасымалдаушылары болды. Соғды тілі несториан шіркеуінің екінші ресми тілі саналған. Осы тілде Киелі кітап үзінділері, теологиялық трактаттар, мемралар, гомилиялар, гимндер мен дұғалар кең таралған. Сонымен қатар түркі халықтары сириялық медициналық және қолданбалы әдебиетті де пайдаланған (Zieme 1974: 665). Медициналық трактаттардың несториандық діни мәтіндермен бір түпте сақталуы бұл еңбектер иелерінің христиан болғанын аңғартады; мысал ретінде соғды тіліндегі әулие Серапион Сидонит туралы хикая мен Иоанн Дейлемиттің медициналық трактатын атауға болады (Hansen 1968: 96).

Монастырьлардың шаруашылық өмірі туралы олардың экономикалық қызметі мен обитательдеріне мемлекеттік бақылаудың нысандары жайлы алуан түрлі мәліметтер сақталған монастырлық құжаттар негізінде пайымдауға болады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері түркі халықтарының мәдени және рухани кеңістігі біртұтас әрі жабық жүйе болмағанын, керісінше, олардың қоныстанған аумақтарының географиялық, саяси және экономикалық ерекшеліктеріне байланысты көпқырлы әрі көпконфессиялық сипатқа ие болғанын айқын көрсетеді. Ұлы Жібек жолы бойындағы территорияларда өмір сүрген түркі қауымдары буддизм, христиандық, манихейлік және кейінірек ислам сияқты әлемдік діндермен тікелей әрі жанама байланыста болды. Бұл діни ағымдар түркі қоғамының дүниетанымына, саяси мәдениетіне, жазба дәстүріне және көркемдік жүйесіне әртүрлі деңгейде ықпал етті.

Буддизм түркілер арасында, әсіресе отырықшы- қалалық ортада, билеуші әулеттер мен ақсүйектер арқылы кең тарады. Оның ықпалы түркі және ұйғыр жазба ескерткіштерінде, аударма әдебиетте, діни-философиялық мәтіндерде және саяси идеологияда айқын көрініс тапты. Буддизмнің жергілікті мифологиялық түсініктермен синкреттік түрде ұштасуы бұл діннің түркі мәдениетіне жат элемент емес, қайта бейімделген рухани қабатқа айналғанын көрсетеді.

Христиандық, әсіресе несториандық бағыт, түркі әлеміне Иран және соғды мәдени ортасы арқылы енді. Оның таралуы сауда жолдары, көпэтникалық қалалар және миссионерлік қызметпен тығыз байланысты болды. Христиандық қауымдардың өмір сүруі жазба деректермен, археологиялық материалдармен және көптілді қолжазбалармен дәлелденеді. Бұл жағдай түркі қоғамындағы діни төзімділік пен мәдени плюрализмнің жоғары деңгейде болғанын аңғартады.

Әдебиеттер тізімі

Atiya A. *A History of Eastern Christianity.* London: Routledge. 1968. 516 p.

Bailey H. *Indo-Scythian Studies.* Khotanese texts. Vol.4. London, New York: Cambridge University Press. 1961. 191 p. (In English)

Boyce M. A catalogue of the Iranian manuscripts in Manichaean script in the German Turfan collection. Berlin: DAWBIO. 1960. 17 p.

Braun O. Der Katholikos Timotheos I und seine Briefe. *Oriens Christianus.* 1901, Bd. 1, pp.138-217.

Chavannes É. *Documents sur les Tou-Kiue (Turcs) occidentaux: recueillis et commentés, suivi de notes additionnelles.* Paris: Libr. d'Amérique et d'Orient. 1903. 378 p.

Chavannes É. Les documents chinois découverts par Aurel Stein dans les sables du Turkestan oriental. Oxford: Imprimerie de l'Université. 1913. XXIII. 232 p.

Fuchs W. Huei-ch'ao's Pilgerreise durch Nordwest-Indien und Zentral-Asien urn 726. Sitzungsberichte der Preussischen Akademie der Wissenschaften. Phil.-hist. Klasse. Berlin: Deutsche Akademie der Wissenschaften. 1938. Bd. XXX. Pp. 426-469.

Gabain A. von. Buddhistische Türkenmission. In: *Asiatica. Festschrift F. Weller.* Leipzig: Otto Harrassowitz. 1954. Pp.161-173.

Gabain A. von. Die alttürkische Literatur. In*: Philologiae Turcicae Fundamenta.* Wiesbaden: Franz Steiner. 1964. T. II. Pp.211-243.

Grünwedel A. *Altbuddhistische Kultstätten in Ost-Turkestan*. Berlin: Druck und Verlag von Georg Reimer. 1912. 300 p.

Hansen O. *Die buddhistische Literatur der Khotansaken. Handbuch der Orientalistik. Erste Abteilung: Der Nahe und der Mittlere Osten*. Band IV: Iranistik. Abschnitt 2: Literatur. Lieferung 1. Wiesbaden: E.J. Brill. Pp.96-134.

Hansen O. Über die verschiedenen Quellen der christlichen Literatur der Sogder. In*: Iranian Studies Presented to Kaj Barr on His Seventieth Birthday, June 26, 1966. C*openhagen: Munksgaard. 1966. P.95-102.

Hambis L. *L'Asie Centrale.* Paris: Imprimerie nationale. 1977. 271 p.

Hastings J. *Encyclopedia of Religion and Ethics. Algonquins-Art.* Edinburgh: Clark 1908. Pp.322-903

Kâşgarlı Mahmud. Dîvânu Lugâti't-Türk: Giriş – Metin – Çeviri – Notlar – Dizin. Haz. A.B. Ercilasun, Z. Akkoyunlu. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 2014. CXIX. 995 p.

Le Coq A. *Die buddhistische Spätantike im Mittelalter.* Band 1. Berlin: Dietrich Reimer. 1926. 75 p.

Le Coq A. von. Chotscho: Facsimile-Wiedergaben der wichtigeren Funde der ersten Königlich Preussischen Expedition nach Turfan in Ost-Turkistan. Berlin: Dietrich Reimer (Ernst Vohsen). 1913. 18 p. 75 Tafeln.

Mehlhose R. Nestorianische Texte aus China. *Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft.* Vol.118. 1968. Pp.320-332.

Messina G. Christianismo, buddhismo, manicheismo. Roma: Istituto Italiano per il Medio ed Estremo Oriente. 1947. 300 p.

Pelliot P. Chrétiens d'Asie centrale et d'Extrême-Orient. *T'oung Pao.* Second Series. 1914. Vol.15, no.5, pp.623-644.

Pelliot P. Note sur les T'ou-yu-houen et les Sou-p'i. *T'oung Pao.* Second Series. 1921. Vol. 20, no.5, pp.323-331.

Sachau F. *Zur Ausbreitung des Christentums in Asien.* Berlin: Verlag der Akademie der Wissenschaften, in Kommission bei Georg Reimer. 1919. 80 p.

Thomsen V. Dr. M. A. Stein's manuscripts in Turkish "runic" script from Miran and Tun-huang. *Journal of the Royal Asiatic Society.* 1912. Pp.181-227.

Tekin S. M*aitrisimit nom bitig.* Berlin: Akademie-Verlag. 1980. 264 p.

Zieme P. Zu den nestorianisch-türkischen Turfantexten. Sprache, Geschichte und Kultur der Altaischen Völker. In: *Protokollband der XII. Tagung der Permanent International Altaistic Conference 1969 in Berlin.* Edited by Georg Hazai and Peter Zieme, Berlin, Boston: De Gruyter. 1974. pp.661-668. https://doi.org/10.1515/9783112320778-090

Бартольд В.В. О христианстве в Туркестане в домонгольский период. В: *Сочинения.* Том 2, часть 2. Москва: Наука. 1964. С. 218-270.

Бартольд В.В. Извлечения из сочинения Гардизи "Зайн ал-ахбар". Приложение к "Отчету о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893-1894 гг. В: *Бартольд В.В. Сочинения*. Т. VIII. Работы по источниковедению. Москва: Наука. 1973. С. 23-62.

Борисов А.Я. Сирийская надпись на сосуде из Тараза. *Известия АН КазССР. Серия археологическая.* 1948. Выпуск 1. С.105-108.

Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье: Этнос, язык, религии. В.В. Иванов, М.И. Воробьева-Десятовская, Л.Г. Герценберг и др.; Под ред. Б.А. Литвинского; Рос. акад. наук, Ин-т востоковедения. Москва: Наука. 1992. 684 с.

Гедин Свен Андре. *В сердце Азии. Памир. Тибет. Восточный Туркестан: путешествие Свена Гедина в 1893-1897 годах.* Пер. со швед. А. и П. Ганзен. Т. 1. Санкт-Петербург: А.Ф. Девриен. 1899. 485 с.

Егише. *О Вардане и войне Армянской.* Пер. с древнеарм. акад. И.А. Орбели; Подгот. к изд., предисл. [с. 5-22] и примеч. К.Н. Юзбашяна; АН АрмССР. Ин-т литературы им. М. Абегяна. Ереван: Изд-во АН АрмССР. 1971. 192 с.

Кляшторный С.Г., Лившиц В.А. Согдийская надпись из Бугута. *Страны и народы Востока.* 1971. Том 10. С.121-146.

Кляшторный С.Г. Монета с рунической надписью из Монголии. В: *Тюркологический сборник* 1972. Москва: Наука. 1973. С. 334-338.

Кляшторный С.Г. Согдийцы в Центральной Азии. *Эпиграфика Востока.* Вып. XIV. 1961. С.29-31

Көне түрік ғұрыптық кешендері. http://atalarmirasi.org/180-kone-turk-ghuryptyq-keshenderi. Дата обращения 10.01.2017.

Кызласов Л.Р. Археологические исследования на городище Ак-Бешим в 1953-1954 гг. Т. II. В: Труды Киргизской археолого-этнографической экспедиции. М.: Изд-во АН СССР. 1959. С. 155-242.

Кычанов Е.И. Сирийское несторианство в Китае и Центральной Азии. В: *[Православный] Палестинский сборник. Выпуск 26 (89): Филология и история.* Ленинград: Наука, Ленинградское отделение. 1978. С.76-85.

Малов С.Е. *Памятники древнетюркской письменности.* М.: АН СССР, 1951. 142 с.

Пайкова А.В., Маршак Б.И. Сирийская надпись из Пенджикента. *Краткие сообщения Института археологии. Выпуск 147: Археология Средней Азии и Сибири.* Москва: Наука. 1976. 134 с.

Радлов В.В. *Из Сибири: страницы дневника.* Москва: Наука. 1989. 749 с.

Стеблева И.В. *Жизнь и литература доисламских тюрков.* Москва: Восточная литература РАН. 2007. 129 с.

Тугушева Л.Ю. *Раннесредневековая уйгурская рукописная книга. В: Рукописная книга в культуре народов Востока. Очерки. Книга вторая.* Москва: Наука, ГРВЛ. 1988. С.358-372.

Фрагменты уйгурской версии биографии Сюань-цзана. Транскрипция, пер., примеч., коммент. и указ. Л. Ю. Тугушевой. Москва: Наука. 1980. 175 с.

Хуюс Толгой. URL: http://atalarmirasi.org/ru/17-stely-khuyus-tolgoy (дата обращения: 30.04.2018).

References

Atiya A. *A History of Eastern Christianity.* London: Routledge. 1968. 516 p. (In English)

Bailey H. *Indo-Scythian Studies. Khotanese texts.* Vol.4. London. New York: Cambridge university press. 1961. 191 p. (In English)

Boyce M. A *catalogue of the Iranian manuscripts in Manichaean script in the German Turfan collection.* Berlin: DAWBIO, 1960. 17 p. (In German)

Braun O. Der Katholikos Timotheos I und seine Briefe. *Oriens Christianus.* 1901. Bd. 1, pp.138-217. (In German)

Chavannes É. *Documents sur les Tou-Kiue (Turcs) occidentaux: recueillis et commentés, suivi de notes additionnelles.* Paris: Libr. d'Amérique et d'Orient. 1903. 378 p. (In French)

Chavannes É. Les documents chinois découverts par Aurel Stein dans les sables du Turkestan oriental. Oxford: Imprimerie de l'Université. 1913. 232 p. (In French)

Fuchs W. *Huei-ch'ao's Pilgerreise durch Nordwest-Indien und Zentral-Asien urn 726. Sitzungsberichte der Preussischen Akademie der Wissenschaften. Phil.-hist. Klasse. Berlin: Deutsche Akademie der Wissenschaften.* 1938. Vol. XXX. Pp. 426-469. (In German)

Gabain A. von. Buddhistische Türkenmission. In: *Asiatica. Festschrift F. Weller.* Leipzig: Otto Harrassowitz. 1954, Pp.161–173. (In German)

Gabain A. von. Die alttürkische Literatur. In: *Philologiae Turcicae Fundamenta.* Wiesbaden: Franz Steiner. 1964. Vol. II. Pp.211-243. (In German)

Grünwedel A. *Altbuddhistische Kultstätten in Ost-Turkestan.* Berlin: Druck und Verlag von Georg Reimer. 1912. 300 p. (In German)

Hansen O. Die buddhistische Literatur der Khotansaken. In: *Handbuch der Orientalistik. Erste Abteilung: Der Nahe und der Mittlere Osten.* Band IV: Iranistik. Abschnitt 2: Literatur. Lieferung 1. Wiesbaden: E.J. Brill. 1968. Pp.96–134. (In German)

Hansen O. Über die verschiedenen Quellen der christlichen Literatur der Sogder. In: Iranian Studies Presented to Kaj Barr on His Seventieth Birthday, June 26, 1966. Copenhagen: Munksgaard. 1966. Pp.95-102. (In German)

Hambis L. *L'Asie Centrale.* Paris: Imprimerie nationale, 1977. 271 p. (In French)

Hastings J. *Encyclopedia of Religion and Ethics. Algonquins-Art.* Edinburgh: Clark 1908. pp.322-903 (In English)

Kâşgarlı Mahmud. Dîvânu Lugâti't-Türk: Giriş – Metin – Çeviri – Notlar – Dizin. Ed. by A.B. Ercilasun, Z. Akkoyunlu. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2014. CXIX, 995 p. (In Turkish)

Le Coq A. *Die buddhistische Spätantike im Mittelalter.* Band 1. Berlin: Dietrich Reimer. 1926. 75 p. (In German)

Le Coq A. von. Chotscho. *Facsimile-Wiedergaben der wichtigeren Funde der ersten Königlich Preussischen Expedition nach Turfan in Ost-Turkistan*. Berlin: Dietrich Reimer (Ernst Vohsen). 1913. 18 p. 75 Tafeln. (In German)

Mehlhose R. Nestorianische Texte aus China. *Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft.* Vol.118. 1968. Pp.320-332. (In German)

Messina G. *Christianismo, buddhismo, manicheismo.* Roma: Istituto Italiano per il Medio ed Estremo Oriente 1947. p. 300.

Pelliot P. Chrétiens d'Asie centrale et d'Extrême-Orient. *T'oung Pao*. Second Series. 1914. Vol. 15, no.5, pp.623-644. (In French)

Pelliot P. Note sur les T'ou-yu-houen et les Sou-p'i. *T'oung Pao.* Second Series. 1921. Vol. 20, no.5, pp.323-331. (In French)

Sachau F. *Zur Ausbreitung des Christentums in Asien.* Berlin: Verlag der Akademie der Wissenschaften, in Kommission bei Georg Reimer. 1919. 80 p. (In German)

Thomsen V. Dr. M. A. Stein's manuscripts in Turkish "runic" script from Miran and Tun-huang. *Journal of the Royal Asiatic Society*. 1912. Pp.181-227. (In English)

Tekin S. *Maitrisimit nom bitig.* Berlin: Akademie-Verlag. 1980. 264 p. (In German)

Zieme P. Zu den nestorianisch-türkischen Turfantexten. Sprache, Geschichte und Kultur der Altaischen Völker: *Protokollband der XII*. Tagung der Permanent International Altaistic Conference 1969 in Berlin. Edited by Georg Hazai and Peter Zieme, Berlin, Boston: De Gruyter. 1974. Pp.661-668. https://doi.org/10.1515/9783112320778-090 (In German)

Bartold V.V. O khristianstve v Turkestane v domongolskii period. In: Collected Works. Moscow: Nauka. 1964. Vol. 2, ch.2. Pp.218-270. (In Russian)

Bartold V.V. Izvlecheniia iz sochineniia Gardizi "Zain al-akhbar". Prilozhenie k "Otchetu o poezdke v Sredniuiu Aziiu s nauchnoi tseliu. 1893-1894 gg. In: *Collected Works.* Vol. VIII. Works on Source Criticism. Moscow: Nauka. 1973. Pp.23-62. (In Russian)

Borisov A.Ya. Siriiskaia nadpis na sosude iz Taraza. *Bulletins of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Archaeological Series.* 1948. Issue 1. Pp.105-108. (In Russian)

Vostochnyi Turkestan v drevnosti i rannem srednevekove: Etnos, iazyk, religii. V. V. Ivanov, M. I. Vorobyova-Desyatovskaya, L. G. Herzenberg et al.; Edited by B. A. Litvinsky; Russian Academy of Sciences, Institute of Oriental Studies. Moscow: Nauka. 1992. 684 pp. (In Russian)

Gedin Sven Andre. *V serdtse Azii. Pamir. Tibet. Vostochnyi Turkestan: puteshestvie Svena Gedina v 1893-1897 godakh.* Translated from the Swedish by A. and P. Ganzen. Vol. 1. Saint Petersburg: A. F. Devrien. 1899. 485 p. (In Russian)

Egishe. *O Vardane i voine Armianskoi*. Translated from Old Armenian by Academician I. A. Orbelian; edited for publication, with a foreword [pp. 5-22] and notes by K. N. Yuzbashyan; Academy of Sciences of the Armenian SSR. M. Abegyan Institute of Literature. Yerevan: Publishing House of the Academy of Sciences of the Armenian SSR. 1971. 192 pp. (In Russian)

Kliashtornyi S.G., Livshits V.A. Sogdiiskaia nadpis iz Buguta. *Countries and Peoples of the Eas*t. 1971. Vol.10, pp.121-146. (In Russian)

Kliashtornyi S.G. Moneta s runicheskoi nadpisiu iz Mongolii. In: Turkological Proceedings 1972. Moscow: Nauka. 1973. pp. 334-338. (In Russian)

Kliashtornyi S.G. Sogdiitsy v Tsentralnoi Azii. *Epigrafika Vostoka.* Issue XIV. 1961. pp.29-31 (In Russian)

Kone tyrik guryptyk keshenderi. http://atalarmirasi.org/180-kone-turk-ghuryptyq-keshenderi. Access date:10.01.2017. (In Russian)

Kyzlasov L.R. Arkheologicheskie issledovaniia na gorodishche Ak-Beshim v 1953-1954 gg. In: *Proceedings of the Kyrgyz Archaeological and Ethnographic Expedition*. Vol. II. Moscow: Publishing House of the Academy of Sciences of the USSR. 1959. Pp.155-242. (In Russian)

Kychanov E.I. *Siriiskoe nestorianstvo v Kitae i Tsentralnoi Azii.* In: [Orthodox] Palestinian Collection. Issue 26 (89): Philology and History. Leningrad: Nauka, Leningrad Branch. 1978. Pp.76-85. (In Russian)

Malov S.E. Pamiatniki drevnetiurkskoi pismennosti. Moscow: Academy of Sciences of the USSR. 1951. 142 p. (In Russian)

Paikova A.V., Marshak B.I. Siriiskaia nadpis iz Pendzhikenta*. Brief Reports of the Institute of Archaeology.* Issue 147: Archaeology of Central Asia and Siberia. Moscow: Nauka. 1976. 134 p. (In Russian)

Radlov V.V. *Iz Sibiri: stranitsy dnevnika.* Moscow: Nauka. 1989. 749 p. (In Russian)

Stebleva I.V. *Zhizn i literatura doislamskikh tiurkov.* Moscow: Vostochnaia literatura Russian Academy of Sciences. 2007. 129 p. (In Russian)

Tugusheva L.Iu. Rannesrednevekovaia uigurskaia rukopisnaia kniga. In: *The Manuscript in the Culture of the Peoples of the East.* Essays. Book Two. Moscow: Nauka. GRVL. 1988. (In Russian)

Fragmenty uigurskoi versii biografii Siuan-tszana. Transcription, translation, notes, commentary and index by L. Yu. Tugusheva. Moscow: Nauka. 1980. 175 p. (In Russian).

Khuius Tolgoi. URL: http://atalarmirasi.org/ru/17-stely-khuyus-tolgoy (Accessed date: 30.04.2018).

Information about the author

Aigerm A. Zhumabayeva – Leading Research Fellow, Research Institute of the Ulus of Jochi, 2 Turkistan Street, Astana, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0003-3593-9440, zhaygerm@gmail.com

Автор туралы мәлімет

Айгерм Амырбекқызы Жұмабаева – РҰлыс Жошы ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Түркістан көшесі, 2, Астана, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0003-3593-9440, zhaygerm@gmail.com

Сведения об авторе

Айгерм Амырбековна Жумабаева – ведущий научный сотрудник Научно-исследовательского института Улуса Джучи, ул. Туркестан, 2, г. Астана, Казахстан, https://orcid.org/0000-0003-3593-9440, zhaygerm@gmail.com

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / ***Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.*** Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. ***/ Раскрытие информации о конфликте интересов.*** Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье.
Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 11.09.2026
Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 11.10.2026.
Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 10.12.2026